

БОЛЬШЕ,
ЧЕМ ПРОСТО
ВЫСТАВКА

CAF
CENTRAL ASIA FASHION

36 INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION
МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ
AUTUMN-2025

28-30 JULY / ИЮЛЬ / ШІЛДЕ

ELITELINE
INTERNATIONAL EXHIBITION • SHOES • FUR • LEATHER • ACCESSORIES

supported by
euro shoes
premiere collection

2025

6 Международная Выставка обуви, меха, кожи и аксессуаров
6 International Exhibition of Footwear, Fur, Leather and Accessories

сатехпро

**Қазақстанның ең ірі қаласы – Алматыда
Орталық Азия өңірінің сән әлеміндегі басты оқиғалардың бірі –
Central Asia Fashion Autumn-2025 36-шы халықаралық сән көрмесі және Elite
Line-2025 6-шы халықаралық аяқ киім, тері, былғары және аксессуарлар
көрмесі өтті**

Қазақстан, Түркия, Қытай, Моңғолия, Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Германия, Франция, Италия және Украинадан келген 132 экспонент-компания 40-қа жуық сәнді тауарлар тобын ұсынды. Іс-шараға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түркіменстан, Тәжікстан және Ресейден 8879 байер қатысты. Олар 2025/2026 Күз-Қыс маусымының жаңа топтамаларымен алғашқы болып танысып, өзекті маусымдық ассортиментті қалыптастыруға, сондай-ақ киім, аяқ киім және аксессуарлар өндірушілері мен жеткізушілерімен іскерлік байланыс орнатуға тамаша мүмкіндік алды.



Central Asia Fashion Autumn-2025 халықаралық сән көрмесі (дроннан түсірілген)

Көрмеде алғаш рет түрлі елдердің бірнеше жаңа брендтері таныстырылды. Олардың қатарында кашемир өнімдеріне маманданған Моңғолияның «Delicashmere» бренді және өз өнімдерінің жоғары сапасы мен ыңғайлылығымен танымал ресейлік «Лель» аяқ киім компаниясы да бар. Сондай-ақ Central Asia Fashion көрмесінде өз топтамасын алғаш рет ұсынған Қытайдың жетекші ерлер киімін өндірушісі - «Gelatu» компаниясының стенді қонақтардың ерекше назарын аударды. Стильді экспозициясы мен фирмалық дизайны арқылы компания жүздеген қызығушылық танытқан келушілерді жинап, көрменің ең көзге түсер тұстардың біріне айналды.

Биылғы күзгі маусымға 39 тері компаниясы қатысты. Бұл көрсеткіш аймақ нарығына деген айқын қызығушылықты білдіреді. Fashion индустриясының бір саласы ретінде тері сегменті ерекше назарды қажет етеді, сондықтан компаниялар қажетті аудиторияны, сұранысқа ие сараптаманы және бизнесті кеңейту мүмкіндіктерін Central Asia Fashion және Elite Line көрмелерінен таба алады.



Central Asia Fashion Autumn-2025 подиумындағы сән көрсетілімдері

«САТЕХРО» компаниясының директоры Метин Арслан салтанатты ашылу рәсімінде былай деді: *«Мұндай күрделі кезеңдерде fashion-индустрияны қолдайтын, оған инвестиция салатын және жаңа есімдерді таныстыратын барша жанға алғысым шексіз. Бұл — шын мәнінде құрмет пен ризашылыққа лайық іс».*

Сондай-ақ ол қазіргі әлемнің аса қарқынды өзгеріп жатқанын атап өтіп, көрмелердің Қазақстанның шетелдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды даму міндеттерін айқындайтынын айтты.



«САТЕХРО» компаниясының директоры Метин Арслан

Түркияның Қазақстандағы Бас консулы Еврен Мудеррисоглу: *«Әсіресе, 2025 жылдың күзгі маусымында өз стендтерін ұсынған 69 түрік компаниясының үлесін атап өткім келеді. Біз бауырлас Қазақстанмен стратегиялық әріптестікке ерекше мән береміз. Алматы біздің елімізбен сауда-экономикалық байланыста жетекші рөл атқарады: мұнда айтарлықтай инвестициялар шоғырланған және көптеген түрік азаматтары тұрады. «Түркия ғасыры» стратегиясы аясында біз көрмелер, іскерлік миссиялар, нарықтарды зерттеу және заманауи технологияларды енгізу арқылы екіжақты байланыстарды одан әрі кеңейте түсуге ниеттіміз. Біздің мақсатымыз – елдердің арасындағы тауар айналымын жылына 10 миллиард долларға дейін арттыру», -* дей келіп, Central Asia Fashion және Elite Line көрмелері кәсіби диалог пен халықаралық ынтымақтастық үшін бірегей платформа құра отырып, әлемнің түкпір-түкпіріндегі fashion өкілдерін біріктіреді деген ойын білдірді.



Түркияның Қазақстандағы Бас консулы Еврен Мудеррисоглу

ІТНІВ Стамбул тоқыма және шикізат экспорттаушылар қауымдастығы Директорлар кеңесінің мүшесі Мевлют Хикмет Юнал: *«2025 жылдың алғашқы 6 айында экспорттың жалпы 6,5%-ға төмендеуіне*



ІТНІВ Стамбул тоқыма және шикізат экспорттаушылар қауымдастығы
Директорлар кеңесінің мүшесі Мевлют Хикмет Юнал

қарамастан, Қазақстанға жеткізілімдер жалпы сомасы 216 миллион долларға, яғни 33%-ға өсті. Бұл Қазақстанның түрік киімдерін өткізетін 50 ірі нарықтың қатарына енуіне мүмкіндік берді. Central Asia Fashion және Elite Line халықаралық көрмелері Орталық Азияда түрік брендтерін ілгерілетуде маңызды рөл атқарады.

Біз ұйымдастырушыларға сауда байланыстарын дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс айтамыз және болашақта көрмелер ынтымақтастықтың жаңа нысандары үшін де негіз болады деп сенеміз», - деп, Қазақстанның түрік дайын киім индустриясында ерекше орын алатынын атап өтті.

Central Asia Fashion және EliteLine халықаралық сән көрмелері Euro Shoes-пен серіктестік аясында өткізілуде. Autumn-2025 күзгі маусымына Euro Shoes-тің қолдауымен әртүрлі елдерден 10 аяқ киім компаниясы қатысты. Ресей Ұлттық аяқ киім одағының бас директоры Ян Беляев бұл серіктестік жайлы пікір білдіріп:

«Аяқ киім мен киімнің бір алаңда ұсынылатын total look форматы бүгінде қарқынды танымалдыққа ие болуда. Біз серіктестігіміздің дамып, нақты нәтижелер бере бастағанын қуана бақылап отырмыз. Бұл альянстың болашағы зор деп есептейміз», - деді.



Ресей ұлттық аяқ киім одағының Бас директоры Ян Беляев

Үлкен подиумның кішкентай жұлдыздары – Сабина Вольскаяның балалар көрсетілімі CAF-ты бағындырды

Central Asia Fashion Autumn-2025 ашылу салтанаты жиналғандарды таң қалдырып, ерекше сезімге бөледі. Өйткені, соңғы бірнеше жылда алғаш рет көрме аясында балалар сән көрсетілімі өтті. Қазақстандық дизайнер, халықаралық деңгейдегі haute couture санатындағы қазақстандық балалар сәнінің ізашары Сабина Вольская өзінің жоғары талғамға сай сәнді көйлектері мен батыл іскерлік костюмдерінің топтамасын ұсынды. Топтама мөлдір-сұр, көгілдір және нәзік қоңыр-сарғыш түстерде жасалған, бұл дизайнердің айтуынша, кішкентай модельдердің жеңілдік пен батылдық сезімін көрсетеді: «Мен әсіресе балалар сәнінде ықпал беретін бешпеттер мен пенжектерді өте жақсы көремін, себебі балалар үшін мұндай нәрселерді ешкім дерлік жасамайды. Бәрі балалық шақта киім «өлшеміне сай», ұқыпты және сүйкімді болуы керек деп санайды. Бірақ менің бұл стереотипті бұзғым келеді. Өйткені, осындай киімдерді кие алатын және ол киімдермен керемет көрінетін балалар бар. Бұл оларға күш пен сенімділік береді. Олардың өзін көрсетуде көбірек еркіндікке лайық екендігіне және оларға бұл ретте сән көмекке келуі керектігіне сенімдімін. Дәл сол себепті мен көбіне өзім жасаған бейнелерде дәрекі аяқ киімді – табаны қалың бәтіңкені, етіккі қолданамын. Егер балетка немесе туфли кесе, бейне тым жұмсақ және романтикалық болады, ал ауыр аяқ киіммен ол мінез бен күшке ие болады. Тіпті балалардың жүрісі де өзгереді».



Дизайнер Сабина Вольская балаларға өзін көрсету еркіндігін береді

Сабина бүкіл жер шары бойынша Қазақстанның атынан қатысып, осылайша отандық fashion нарығының қатысу географиясын кеңейтуде: «Осы жылы біз Мароккодағы ауқымды оқиға – Tanger Fashion Week-ке бардық, қонақтардың қатарында Голливуд жұлдыздары, ал ұсынылған брендтердің арасында аты аңызға айналған VivienneWestwood та болды. Біздің көрсетіліміміз VivienneWestwood-пен бір күнде өтті, бұл мойындау мен құрметтің керемет белгісі болды. Біздің балалар подиумға шыққанда, көрермендер орындарынан тұрып кетті! Олар қол соғып қошемет көрсетіп, «жарайсыңдар» деп айқайлаумен болды. Міне, осындай минуттар үшін мен кез келген қиындықты жеңуге дайынмын! Қазақстан туралы түрлі елдерде тек оң пікірлер айтылады, барлық жерде ыстық ықыласпен және құрметпен қарсы алады. Кейде мен тіпті еліміздің атын қандай қуанышпен және қызығушылықпен айтатынына таң қаламын. Неге олай екенін анық білмеймін, бірақ бұл әрдайым ерекше жағымды әсер қалдырады».

Стилисттердің бизнес-кеңестері

CAF Autumn-2025 күзгі маусымында «Style Session» имидж-стилистер қоғамдастығының өкілдері жарқын және кәсіби түрде қатысты. Мазмұнды бизнес-кеңес беру бағдарламасы аудиторияның қызығушылығын тудырды.



«Style Session» имидж-стилистер қоғамдастығының жұмысы әрқашан келушілердің қызығушылығын тудырады

Әсіресе сарапшылар бірегей стильді және клиентпен бір тілде сөйлесуді қалай қалыптастыру керектігін айтқан «Бренд ДНҚ-сы және архетип», аудиторияның қажеттіліктеріне сүйене отырып, тиімді топтаманы қалай жинау керектігі туралы «Сататын капсулалық ассортимент» және қатысушылардың Instagram-дағы лүпілдерді нақты ақшаға қалай айналдыруға болатынын білуіне көмектескен «Әлеуметтік желілер стильді сату бөлімі ретінде» тақырыптарындағы кеңестері қатысушылардың ерекше назарын аударды. Кеңес беру көрменің барлық 3 күнінде өтті және оның маңызды тәжірибелік бөлігіне айналды.

CAF бизнес-бағдарламасы: сандар, деректер, пікірлер

Әр маусым сайын Central Asia Fashion көрмесінің кеңейтілген бизнес-бағдарламасы сән индустриясының мамандарына сән әлемінде, маркетингте, сатылым мен трендтер саласында қалыптасып жатқан ең өзекті ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

Showarea аймағында өткен бизнес-конференция аясында әртүрлі елдерден келген 30-дан астам сарапшының қатысуымен 6 сараптамалық сессия ұйымдастырылды.

Бизнес-конференцияның жүргізушісі, оқыту семинарлары мен іскерлік бағдарламалардың ұйымдастырушысы әрі модераторы, сондай-ақ «PROfashion» медиа холдингінің іскерлік бағдарламалар жетекшісі Наталья Миронова төмендегі өзекті тақырыптарды талқылауға ұсынды:

- коммерциялық табысты топтамалар жасау;
- жасанды интеллектті тиімді пайдалану;
- маркетплейстердегі сатылымды арттырудың нақты құралдары;
- e-commerce саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізген кәсіпкерлердің табыс тарихтары.



Showarea аймағында маркетинг, дизайн және e-commerce саласындағы танымал сарапшылардың қатысуымен бизнес-сессиялар өтті

Жасанды интеллектті аса танымал ету тақырыбы CAF келушілерінің үлкен қызығушылығын тудырды. iWENGO бизнес мектебінің және Lennuf интернет-дүкендерін іске қосу платформасының тең иесі Илья Бурмистров тыңдаушыларға өздеріне ЖИ не үшін қажет деген сұрақ қояды ұсынды: *«Бүгінде оның көмегімен әртүрлі салалардағы мәселелерді шешуге болады. Мысалы, менің әріптесім жақында толықтай Clon платформасының көмегімен жасалған балалар киімдерінің топтамасын көрсетті. Көпшілігі нейрожелілер адамдардың жұмысын тартып алып, бәрін жансыз санға айналдырады деп қорқады. Бірақ біздің көзіміз тіріде олай болмайды. 10, 50, тіпті 100 жылдан кейін де адам процестен алыстамайды. Жасанды интеллект – қауіп емес, бір кездердегі Excel сияқты болашақтың құралы. Менің 2002 жылы осы бағдарламамен жұмыс істеуді үйрену үшін Бауман университетіне асыққаным әлі есімде. Ол кезде бұл сиқыр сияқты көрінген, ал бүгінде бұл – негізгі дағды. ЖИ-мен де бәрі солай болады. ЖИ табиғи таланты жоқ адамдардың мүмкіндіктерін*

алмастырмайды, бірақ айтарлықтай арттырады. Ғаламшарымыздағы талантты адамдардың саны, әртүрлі бағалаулар бойынша, тек 2%-ды құрайды және көбіне халықтың мойындауы ғана шығарманы ұлы етеді. Тек Қытайда ғана ЖИ-дің көмегімен жазылған новелла Қытайдың ғылыми фантастика бойынша сыйлығын жеңіп алды. Авторы Шен Ян Кафка стиліндегі робот туралы оқиғаны 66 сұрақ қою арқылы небәрі 3,5 сағат ішінде 43 000 таңбадан тұратын қолжазба негізінде құрастырған. Ендігі мәселе оны адам ба, әлде машина ма – кімнің жасағанында емес, мұны қоғам мойындай ма, әңгіме сонда. Егер сіз fashion-business саласындағы дизайнерге жүгінсеңіз, ол эскиздерін жасап, сай келетін үлгілерді таңдайды, шабыттанады, бірақ бұған бірнеше апта кетуі мүмкін. Ал «Яндекс»-тің Midjourney, DALL-E, Kandinsky немесе ChatGPT сияқты нейрожелілері 20-30 секунд ішінде ондаған көрінімдік тұжырымдамаларды жасай алады. Иә, олардың барлығы бірдей керемет бола бермейді, кейбіреулері қарапайым, оғаш, тіпті күлкілі болып көрінуі мүмкін. Бірақ дәл осы жерде ең жақсысын таңдау, идеяларды сүзіп алу, ең жаңасын, теңнұсқасын, «вау-эсері» барын табу үшін ойынға адам араласады».



ІWENGO бизнес мектебінің тең иесі Илья Бүрмистров ЖИ дамыту туралы егжей-тегжейлі айтып берді

Киім дизайнері, Qanaker брендінің негізін қалаушы Алмас Керімбек сән индустриясындағы қандай процесті анық автоматтандыруға болмайтындығы және тіпті тырысудың да қажеті жоқтығы туралы сұраққа ықыласпен жауап берді: «Бұл, сөзсіз, эмоционалды бөлік – идея пайда болатын, бренд немесе коллекция тұжырымдамасының іргесі қаланатын кезең. Адамның шығармашылығы, шабыты, жеке көзқарасы дәл сол жерде көрінеді. Жасанды интеллект бұл эмоцияларды сезіне алмайды. Бұдан бөлек, ол тігу, матамен жұмыс, әрлеу бөлшектері сияқты заттарды жасаудың нақты процесін алмастыра алмайды. Мұнда адамның қолы, шеберлігі, тәжірибесі маңызды, оларды жүз пайыз автоматтандыру мүмкін емес. Жеңіл өнеркәсіпті, әсіресе Қазақстанда, дамыту қажет, сонда ол өсетін болады. Иә, ЖИ кейбір кезеңдерді жылдамдатып, идеяларды тудыруға немесе процестерді оңтайландыруға көмектесе алады, бірақ ол шығармашылық пен қолөнерде адамды алмастыра алмайды. Және алмастырмауы да керек».

Желіден тыс жаңа өмір

Е-commerce және маркетингтердің даму үрдістері мен оффлайн-саудадағы сатылымдардың төмендеуі туралы айтқан онлайн-сату саласының сарапшысы әрі кәсіпкер Максим Черноиванов төмен база әсеріне ерекше назар аударды.

«Мысалы, Қытайда онлайн-сатылымдардың үлесі қазірдің өзінде 50%-дан асты. Ал Қазақстанда, Ресейде және ТМД-ның басқа елдерінде бұл көрсеткіш әлі де 5-20% аралығында. Яғни, біз әлі де даму жолының басындамыз және осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Ай сайын база ұлғайып

келеді, сондықтан өсім қарқынды көрінеді. Маркетплейстер тек дұрыс нарықты – яғни, табиғи түрде дамып жатқан нарықты – таңдады. Онлайн сатып алудың артуына ковид те үлкен әсер етті», – деді ол.

«Ал оффлайн-сектор ешқайда жоғалмайды, бірақ ол өзгеріске ұшырайды. Әсіресе киім, аяқ киім және аксессуарлар сияқты эмоция, өлшеу және сатып алушымен тікелей байланыс маңызды саналатын тауарлар санатында. Алайда ескі сауда модельдері бүгінде өзектілігін жоғалтты. Бұрын, мысалы, ақ футболканы 2 долларға сатып алып, 10 долларға сатуға болатын. Бұл – үлкен үстеме баға. Қазір ондай мүмкіндік жоқ. Енді сапа, бірегей сауда ұсынысы және бәсекелестік ортадағы нақты позиция маңызды. Оффлайн-сектор сақталады, бірақ ол жаңа ережелермен жұмыс істеуге мәжбүр болады», – деп түйіндеді сарапшы.



Бизнес-конференция сарапшылары (солдан оңға қарай): Максим Черноиванов, Айнура Рахимжанова, Иван Сахаров, Вера Немкаева, Евгения Савенкова-Петриченко, Екатерина Светличная

Central Asia Fashion Spring-2026 халықаралық сән көрмесінің көктемгі маусымы 9-11 наурызда өтеді.
Өтетін орны - Алматы, «Атакент» ҚІЙО.

Central Asia Fashion және Elite Line көрмелерінің жұмысымен www.fashionexpo.kz және www.eliteline.kz ресми сайттарында және @centralasiafashion және @eliteline_exhibition жобаларының әлеуметтік желілерінде толығырақ танысуға болады